

**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларын бекіту туралы  
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2016 жылғы 5 мамырдағы № 205 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 4 шілдеде № 13976 болып тіркелді**

«Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 11-бабының [2-тармағына](#) сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Осы бұйрыққа [1-қосымшаға](#) сәйкес Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидалары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа [2-қосымшаға](#) сәйкес Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Инвестициялық саясат және қаржы құралдары департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің мерзімді баспа басылымдарына және «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесіне ресми жариялауға, сондай-ақ бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін «Республикалық құқықтық ақпарат орталығы» республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі А. Мамытбеков

«КЕЛІСІЛГЕН»

Қазақстан  
Қаржы

2016

жылғы

Б.

13

Республикасының  
министрі  
Сұлтанов  
мамыр

**Қазақстан Республикасы  
Ауыл шаруашылығы министрінің  
2016 жылғы 5 мамырдағы  
№ 205 бұйрығына  
1-қосымша**

**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 2013-2015 жылдары қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия мақұлдаған агроөнеркәсіптік кешен (бұдан әрі - АӨК) субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау тәртібін айқындайды.

2. Осы [Қағидаларда](#) мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) кредиттік және лизингтік міндеттемелер – қаржы институты алдында айналым құралдарын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және құрылысқа арналған, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген мақсаттарға кредит/лизинг алумен байланысты туындаған берешекті қайта қаржыландыруға арналған кредит/лизинг алуға байланысты туындаған, осы Қағидалардың шеңберінде қаржылық сауықтыру шараларын қолдануға болатын қарыз алушының міндеттемелері;

2) кредиторлық міндеттемелер – өзге де шаруашылық жүргізуші субъектілер алдында айналым құралдарын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға, ауыл шаруашылығы техникасы мен арнайы техниканы, технологиялық жабдықты лизингке алуға байланысты қарыз алушының міндеттемелері, сондай-ақ басқа да кредиторлар алдындағы міндеттемелерді қайта қаржыландыру;

3) кредиторлар комитеті – әрбір жеке қарыз алушы үшін тиісті салалық қауымдастықтың өкілін қосу мүмкіндігі бар қаржы институттарының – кредиторлардың өкілдерінен қалыптасатын комиссия;

4) кредиттік және лизингтік міндеттемелерді қайта құрылымдау – қарыз алушыларда бар кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша қайтару мерзімдерін ұлғайту, төлемдерді өтеудің тәртібі мен кезектілігін өзгерту, сыйақы мөлшерлемесін өзгерту, сондай-ақ өтеу бойынша жеңілдікті кезең ұсыну;

5) кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелерді қайта қаржыландыру – ұзақ мерзімді қайтару мерзімдерімен, сыйақының төмен пайыздық мөлшерлемесімен және бар берешектерін өтеуге арналған жеңілдікті кезеңмен қосымша келісімдер жасасу жолымен жаңа нысаналы кредиттер беру не бұрын берілген кредиттерін алмастыру;

6) қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның шешімі – қарыз алушыға қатысты қаржылық сауықтыруды мақұлдау/мақұлдамау туралы шешім;

7) қаржылық сауықтыру – сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде мемлекет тарапынан қолдау кезінде айналым құралдарын толықтыруға, негізгі құралдарды сатып алуға және құрылысқа, технологиялық жабдықты, ауыл шаруашылығы техникасын лизингке алуға, сондай-ақ жоғарыда аталған мақсаттарға кредит/лизинг алумен байланысты туындаған берешекті қайта қаржыландыруға пайдаланылған қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық міндеттемелерін қайта құрылымдау, қайта қаржыландыру;

8) қаржы институттары – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, АӨК саласындағы кредиттік серіктестіктер,

микроқаржылық/микрокредиттік ұйымдар, АӨК саласында қызметін жүзеге асыратын лизингтік компаниялар;

9) қаржы агенті – агроөнеркәсіптік кешен саласында қызметін жүзеге асыратын ұлттық басқарушы холдинг;

10) қарыз алушы – ауыл шаруашылығы өнімін өңдеуді және өткізуді қоса алғанда, агроөнеркәсіптік кешен саласында қызметін жүзеге асыратын және кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелері бар АӨК субъектісі;

11) қорландыру қаражаты – қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелерін кейіннен қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру үшін қаржы институты беретін қаржы агентінің тартылған қарыз қаражаты;

12) оператор – агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау бойынша операторлық қызметті жүзеге асыратын ұйым;

13) пайыздық мөлшерлемені субсидиялау – қарыз алушының кредиттік және/немесе лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы ретінде қаржы институтына төлейтін шығыстарын ішінара өтеу үшін пайдаланылатын АӨК субъектілерін мемлекеттік қолдау нысаны;

14) технологиялық жабдық – олардың қатысуынсыз толық технологиялық циклдің қамтамасыз етілуі мүмкін болмайтын тікелей және қосалқы мақсаттағы жабдықтардан тұратын ауыл шаруашылығы өнімін өндіру және өңдеу жөніндегі жабдық.

3. Қаржы институттарының өтінімдерін қарау үшін тиісті облыс, республикалық маңызы бар қала және астана әкімінің өкімімен бекітілетін, құрамында комиссия төрағасы (төраға болмаған жағдайда, ол қатысушы сайланады), мүшелері және хатшысы бар қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия құрылады. Бұл ретте комиссияның сандық құрамы тақ болуы және жеті адамнан кем болмауы тиіс. Комиссия хатшысы қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия мүшесі болып табылмайды.

Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия тұрақты жұмыс істейтін алқалы орган болып табылады. Егер, қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысына мүшелерінің жалпы санының кемінде үштен екісі қатысса, қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысы заңды болып есептеледі.

Облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдіктерінің ауыл шаруашылығы басқармалары қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия жанындағы жұмыс органдары болып (бұдан әрі – жұмыс органы) табылады.

Салық салуды оңтайландыру мақсатында жұмыс органы төлем көзінен ұсталатын салықтарды есептеу, ұстау және аудару жөніндегі міндет жүктелген салық агенті болып танылады.

4. Жұмыс органы мен оператор арасындағы өзара қатынастарды реттеу үшін 10 (он) жұмыс күні ішінде оператордың көрсетілетін қызметтеріне ақы төлеу сомаларын көрсете отырып, оператордың қызметтер көрсетуі тәртібін, талаптарын, сондай-ақ тараптардың жауапкершілігін көздейтін қаржылық сауықтыру үшін АӨК субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау бойынша оператор қызметтерін көрсету жөніндегі шарт (бұдан әрі – қызметтер көрсету жөніндегі шарт) жасалады.

Қызметі көрсету жөніндегі шартты жасасқанға дейін, осы Қағидаларда көзделген оператордың функцияларын жұмыс органы жүзеге асырады.

Оператордың көрсетілетін қызметтерін жұмыс органы тиісті қаржы жылына арналған қызметтер көрсету жөніндегі шартқа сәйкес тиісті бюджеттік бағдарлама қаражаты есебінен төлейді.

## 2-тарау. Субсидия алу талаптары

### 1-параграф. Қаржылық сауықтыру талаптары

6. Пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау субсидиялауға арналған өтінімдерін қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия мақұлдаған, оның ішінде кейінге қалдыру шартымен мақұлданған қарыз алушыларға қатысты жүзеге асырылады.

7. Қаржылық сауықтыру 2014 жылғы 1 қантарға дейін пайда болған кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелер бойынша жүзеге асырылады.

8. Пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға басқа мемлекеттік және/немесе үкіметтік бағдарламалар шеңберінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялау түрінде қолдау көрсетілетін шарттарды қоспағанда, қарыз алушылардың кредиттік/лизингтік міндеттемелері жөніндегі шарттар жатады.

9. Республикалық бюджет қаражаты және (немесе) Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры қаражаты есебінен қаржыландырылған қарыз алушылардың кредиттік/лизингтік міндеттемелерін қаржылық сауықтыру қаржыландыру көзін ауыстыру жолымен оларды бюджеттік қаражаттан тыс қаражатпен ауыстырған жағдайда жүзеге асырылады.

10. Қарыз алушылардың қаржылық берешегін қайта құрылымдау жағдайларын, сондай-ақ жеделдетілген оңалту рәсіміндегі немесе оңалту рәсіміндегі қарыз алушыларды қоспағанда, қарыз алушылардың қызметі ұйымдық-құқықтық нысанды өзгерту, тарату немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрмауы тиіс. Бұл ретте, қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған қарыз алушылар қайтадан қаржылық сауықтыру рәсіміне қатыспайды.

11. Қаржылық сауықтыру қаржы институттары есептелген айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығарған жағдайда жүзеге асырылады, мерзімі өтіп кеткен сыйақыны негізгі борышқа капиталдандыруға қарыз алушының келісімі болған жағдайларды қоспағанда, есептелген мерзімі өтіп кеткен сыйақы сыйақы мөлшерлемесі жылдық 0,1 %-дан аспайтын жеке кестемен (негізгі борышқа капиталдандырусыз) төлемді бөліп төлеу арқылы жүргізіледі.

12. Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау осы тармақтың [1\)](#) және [3\) тармақшаларында](#) немесе [2\)](#) және [3\) тармақшаларында](#) көрсетілген:

1) қаржы институттарының қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелерін қайтару мерзімін 9 (тоғыз) жылдан аспайтын мерзімге ұлғайтуы;

2) АӨК субъектілерінің өзге шаруашылық жүргізуші субъектілер алдындағы кредиторлық берешегін қаржы институттарының қайтару мерзімі 9 (тоғыз) жылдан аспайтын кредитіне ауыстыра отырып, қайта қаржыландыру не қосымша келісімдер жасау жолымен бұрын берілген кредиттерді алмастыруы;

3) қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелерін қайта қаржыландыру/қайта құрылымдау кезінде осы Қағидалардың 3-тарауында көрсетілген пайыздық мөлшерлемені субсидиялауды беру өлшемшарттарын сақтау, сондай-ақ осы Қағидалардың [13-тармағында](#) көрсетілген қаржылық сауықтыруға тараптардың теңдей қатысуын сақтау талаптары бір уақытта сақталған кезде жүзеге асырылады.

13. Қарыз алушыларды қаржылық сауықтыруды жүргізген кезде мүдделі тараптар өздеріне мынадай міндеттемелер алады:

1) қаржы институттары меншікті және қаржы агентінің қатысуынсыз тартылған қаражат есебінен қаржылық сауықтырған жағдайда, осы Қағидалардың [11-тармағына](#) сәйкес қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын кредиттер/лизингтер бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығарады және қайта құрылымдалатын кредит бойынша теңгемен жылдық 14 (он төрт) %-дан аспайтын және шетелдік валютада 10 (он) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесін белгілейді; кредитті қайтару мерзімін 9 (тоғыз) жылдан аспайтын мерзімге ұзартады не қайтару мерзімі 9 (тоғыз) жылдан асырылмай, теңгемен жылдық 14 (он төрт) %-дан аспайтын және шетелдік валютада 10 (он) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен жаңа кредиттер ұсынады не қосымша келісімдер жасасу жолымен бұрын берілген кредиттерді алмастырады. Бұл ретте, егер, қаржы институтының қарызы бойынша сыйақының мөлшерлемесі жылдық 14 %-ға тең немесе одан төмен болса, онда теңгемен 7 %-ын және шетелдік валютада 5 (бес) %-ын мемлекет субсидиялайды, айырмашылықты қарыз алушы төлейді.

Қаржы институттары қаржы агентінің қатысуымен қорландыру қаражатының есебінен қаржылық сауықтырған жағдайда, осы Қағидалардың [11-тармағына](#) сәйкес қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын кредиттер/лизингтер бойынша айыппұлдар мен өсімпұлдарды есептен шығарады және қайта құрылымдалатын кредит бойынша теңгемен жылдық 7 %-дан (жеті) аспайтын және шетелдік валютада 5 (бес) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесін белгілейді; кредитті қайтару мерзімін 9 (тоғыз) жылдан аспайтын мерзімге ұзартады не 9 (тоғыз) жылдан аспайтын қайтару мерзімімен теңгемен жылдық 7 (жеті) %-дан аспайтын және шетелдік валютада 5 (бес) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен жаңа кредиттер ұсынады, не қосымша келісімдер жасасу жолымен бұрын берілген кредиттерді алмастырады;

2) қарыз алушылар қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттің негізгі борышын және ол бойынша пайыздарды тұрақты төлеу бойынша барлық шараларды қабылдайды, борышты және ол бойынша пайыздарды толық өтегенге дейін таза табыстың бөлінуін болдырмайды;

3) қарыз алушылардың меншік иелері қарыз алушылар қаржылық сауықтыру талаптарына сәйкес қаржы институттары алдындағы міндеттемелерін толық өтегенге дейін қатысушылар арасында барлық табысты бөлмеу, қосымша капиталдандыру, инвесторлар тарту, қаржылық сауықтыру талаптарын орындау бойынша қаржы институттарына толық жәрдемдесу жолымен және басқа да шаралармен қолдау көрсетеді;

4) жұмыс органы қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялауды оны теңгемен жылдық 7 (жеті) %-ға және шетелдік валютада 5 (бес) %-ға төмендету жолымен беруді қамтамасыз етеді.

14. Субсидиялауды тоқтату қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның шешімі бойынша:

1) қарыз алушы негізгі борышының бір бөлігін және/немесе сыйақының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша міндеттемелерін қатарынан 3 (үш) айдан астам мерзімде орындамаған;

2) кредиттік қаражат мақсатсыз пайдаланылған;

3) қаржылық сауықтыру бағдарламасына қатысу мақұлданғаннан кейін заңды күшіне енген сот шешімі бойынша қарыз алушының шоттары қамаққа алынған;

4) қарыз алушы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемелерін толығымен өтеген (қарыз алушы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша қаржы институты алдындағы міндеттемелерін толығымен орындаған күн пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды тоқтату күні болып есептеледі);

5) қарыз алушы субсидиялауды тоқтату туралы бастама көтерген (жазбаша өтінген);

6) қаржы агентінің субсидиялауды тоқтату туралы бастама көтерген жағдайларда жүзеге асырылады.

### **2-параграф. Қаржы агентінің қатысуынсыз субсидия алу талаптары**

15. Қаржы институттары қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның қарыз алушылардың қатысу мүмкіндігін қарауы үшін мынадай құжаттарды қалыптастырады және операторға жолдайды:

1) осы Қағидаларға [1-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша АӨК субъектілерін қаржылық сауықтыру кезінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға арналған өтінім (бұдан әрі – өтінім);

2) қаржы институтының/төлем агентінің бір реттік тәртіппен берілетін банк операцияларын жүзеге асыру құқығына арналған лицензиясының (бар болған жағдайда) көшірмесі;

3) қаржы институты растаған қарыз алушының кредиттік/кредиторлық/ лизингтік міндеттемелері жөніндегі шарттардың көшірмелері;

4) қарыз алушының кредитті/лизингті мақсатты пайдаланғанын растайтын құжаттар (төлем тапсырмасы, кредиттік/лизингтік шартта көрсетілген қарыз алушының шотынан үзінді-көшірме, кредитті мақсатты пайдалану актісі, лизинг нысанасын қабылдау-беру актісі) немесе қарыз алушының кредиторлық берешекті мақсатты пайдаланғанын растайтын құжаттар;

5) осы Қағидаларға [2-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша АӨК субъектісін қаржылық сауықтыру жоспары.

Қарыз алушының қаржылық сауықтыруға жататын кредиттік/ кредиторлық/лизингтік міндеттемелері сомасы 4 500 000 000 (төрт миллиард бес жүз миллион) теңгеден асқан және бір кредитордан (қаржы институтынан) артық болған жағдайда, екінші деңгейдегі банктер АӨК субъектілерін кешенді сауықтыру жөніндегі кредиторлар комитетін құрады және қаржылық сауықтырудың кешенді жоспарын ұсынады;

6) қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру шартының жобасы, қаржы институты растаған, сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігі бағанын және сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланбайтын бөлігі бағанын қамтитын жаңартылған өтеу кестесінің жобасы, оның ішінде электрондық түзетілетін форматтағы жобасы.

### **3-параграф. Қаржы агентінің қатысуымен субсидия алу талаптары**

16. Қаржы институттары қорландыруға арналған өтінім мақұлданған жағдайда, қаржы агентінің қорландыру қаражатын беруге келісімі туралы хатын қоса бере отырып, осы Қағидалардың 15-тармағында көрсетілген құжаттарды қалыптастырады және операторға жолдайды.

17. Қорландыру қаражатын орналастыру жөніндегі сыйақы мөлшерлемесі қорландыру қаражатын қаржы агентінің кейіннен қаржы институттарында орналастыруы үшін,

қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның шешімі негізінде теңгемен 7 (жеті) %-ын мемлекет субсидиялайтын жылдық 10 (он) %-дан асырылмай және шетелдік валютада 5 (бес) %-ын мемлекет субсидиялайтын жылдық 6 (алты) %-дан асырылмай белгіленеді.

18. Қаржы агенті қорландыру қаражатын сыйақының теңгемен жылдық 3 (үш) %-дан және шетелдік валютада жылдық 1 (бір) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен қаржы институттарында орналастырады.

### **3-тарау. Субсидияларды есептеу тәртібі**

19. Осы Қағидалардың [25-тармағына](#) сәйкес жасалған субсидиялау шарттары бойынша субсидиялар көлемі «2016-2018 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 8 желтоқсандағы № 972 [қаулысының](#) (бұдан әрі – Қаулы) [11-1-тармағына](#) сәйкес бұзылған шарттар бойынша субсидиялауды бермеу басталған бірінші күннен бастап есептеледі.

20. Қаржы агентінің қатысуынсыз пайыздық мөлшерлемені субсидиялау оны қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша теңгемен жылдық 7 (жеті) %-ға және шетелдік валютада 5 (бес) %-ға төмендету арқылы жүзеге асырылады.

21. Пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қарыз алушының валюталық кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелері бойынша, сондай-ақ шетел валютасына байланысты міндеттемелер бойынша жүзеге асырылуы мүмкін. Бұл ретте, субсидиялар сомасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі субсидиялар сомасын аудару күніне белгілеген бағам бойынша теңгемен төленеді. Оң бағамдық айырмашылық пайда болған жағдайда, оны келешек субсидиялар шотына есептейді, ал теріс бағамдық айырмашылық жағдайында оны қарыз алушы төлейді.

22. Қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік және лизингтік шарттар бойынша талаптарды (сыйақы мөлшерлемесі, төлеу мерзімі, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша мерзімді ұзартуды беру) қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия шешімі бойынша жылына бір рет қана өзгертуге болады. Бұл ретте, қайта құрылымданған/қайта қаржыландырылған кредиттік және лизингтік шарттардың мерзімдері өзгертілген (ұзартылған) жағдайда субсидиялар мерзімдері ұзартылмайды, сондай-ақ сыйақыны негізгі борышқа капиталдандыруға жол берілмейді.

23. Қаржы агентінің қатысуымен субсидиялау жағдайында субсидиялар сомасы қаржы институттарында орналастырылған қорландыру қаражаты жалпы сомасының теңгемен 7 (жеті) %-ы және шетел валютасында орналасқан соманың жылдық 5 (бес) %-ы мөлшерінде қаржы агентіне беріледі. Бұл ретте субсидия мөлшері қаржы институттарының жыл сайын қорландыру қаражатын қайтаруы ескеріле отырып анықталады.

24. Қаржы агентінің қатысуымен субсидиялау жағдайында қорландыру қаражатының көлемі және оларды қайтару мерзімдері негізгі борыш сомасынан және қаржы институттары қайта құрылымдайтын/қайта қаржыландыратын қарыз алушылардың кредиттік және лизингтік міндеттемелерінің қолданылуы мерзімдерінен аспауы тиіс.

### **4-тарау. Субсидия төлеу тәртібі**

#### **1-параграф. Жалпы ережелер**

25. Жұмыс органы Қаулының 11-1-тармағының [1\)](#) және [2\) тармақшаларына](#) және [11-2-тармағына](#) сәйкес, бұдан бұрын 2013-2015 жылдары жасалған субсидиялау шарттарында көзделген талаптар мен міндеттемелерде, сондай-ақ комиссияның тиісті шарттар, оның ішінде субсидиялауға арналған өтінімдерін қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия

кейінге қалдыру шартымен мақұлдаған қарыз алушылар бойынша тиісті шарттар жасалмаған шешімдеріне сәйкес субсидиялау шарттарын жасасады. Бұл ретте, көрсетілген субсидиялау шарттары осы Қағидаларға сәйкес құрылған қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның қарауынсыз жасалады.

26. Оператор қаржы институттарынан өтінімдер болған кезде күнтізбелік 14 (он төрт) күн ішінде осы Қағидалардың 15-тармағына сәйкес қаржы институттары ұсынған құжаттарды осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан қарайды, жұмыс органымен келісім бойынша отырысты өткізу орнын, уақытын және күнін көрсете отырып, мүшелеріне жазбаша хабарлама жіберу жолымен қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысын шақырады.

27. Кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау қаражатын аудару қарыз алушы мен қаржы институты қол қоятын қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру міндеттемелері туралы шарт жасалған күннен басталады. Субсидиялау қаражатын төлеу субсидиялау шарты жасалған сәттен бастап тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша көзделген қаражат есебінен және шегінде оның қолданылу мерзімінің соңына дейін жүзеге асырылады. Бұл ретте субсидиялауға арналған қаражатты бөлу бұрын жасалған субсидиялау шарттарын есепке ала отырып жүзеге асырылады.

28. Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысы тоқсанына кемінде бір рет шақырылады.

29. Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның отырысын шақыру туралы хабарламаға осы Қағидалардың 26-тармағына сәйкес қарыз алушылардың сәйкес келетіндігі/сәйкес келмейтіндігі туралы оператордың қорытындысы, қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінің жобасы, сондай-ақ осы Қағидалардың [15-тармағында](#) көрсетілген құжаттар электрондық жеткізгіште қоса беріледі. Оператордың қорытындысы ұсыным сипатында болады.

30. Қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық лизингтік міндеттемелерін мақұлдау/мақұлдамау туралы шешімді қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия оның мүшелерінің көпшілік дауысымен хаттамалық шешім түрінде қабылдайды.

Бұл ретте қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия қарыз алушылардың өтінімдерін мақұлдау/мақұлдамау туралы шешімді осы Қағидалардың [29-тармағында](#) көрсетілген құжаттардың негізінде қабылдайды.

31. Субсидиялар сомасын бөлу осы Қағидаларға [3-қосымшаға](#) сәйкес АӨК-ні дамытудың басым бағыттарына сәйкес тиісті қаржы жылына бекітілген бюджет қаражатының көлемі шегінде жүргізіледі.

Көрсетілген бағыттардың басымдығы қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның бір отырысы шеңберінде келесі бағыттың өтінімдерін қанағаттандыруға көшкенге дейін жоғары тұрған бағыттың қажеттілігін толық қанағаттандыруды көздейді. Бір басымдық бағыты шеңберінде субсидиялар сомасын бөлу қарыз алушының өтінім ұсыну күніне қарай жүзеге асырылады. Басым бағыттарға енгізілмеген АӨК саласындағы қызметтің басқа түрлері қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның бір отырысы шеңберінде бірінші және екінші басымдықтардың қажеттіліктерін толық қанағаттандырғаннан кейін қарастырылады.

32. Оператор 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия мүшелерінің қолдарын жинайды және қол қойылғаннан кейін бір күн мерзімінде қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасынан үзінді-көшірменің хатшының қолы қойылған, мөрмен расталған түпнұсқасын кейін жолдай отырып, осы үзінді-көшірмені қаржы институттарына және қаржы агентіне электрондық почта арқылы жолдайды.



33. Қаржы институттары қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасынан үзінді-көшірмені алғаннан кейін күнтізбелік 20 (жиырма) күннен аспайтын мерзімде қарыз алушыларға қаржылық сауықтыру шараларын қабылдайды.

34. Қаржы институттары қарыз алушылар бастамашылық ететін кредит беру/лизинг беру шарттарын өзгертуге байланысты комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді қоспағанда, қарыз алушылардан қаржылық сауықтыруға қатысуға байланысты комиссияларды, алымдарды және/немесе өзге де төлемдерді алмайды.

## **2-параграф. Қаржы агентінің қатысуынсыз субсидия төлеу тәртібі**

35. Қаржы институты пайыздық мөлшерлеменің субсидияланатын бөлігін алу үшін операторға:

1) қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттарының қаржы институты растаған көшірмелерін;

2) қаржы институтын мемлекеттік тіркеу/қайта тіркеу туралы анықтаманың немесе куәліктің көшірмесін;

3) арнайы банктік шотты ашу туралы анықтаманы жолдайды.

36. Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттары бойынша өтінім сомасының қарыз алушылардың міндеттемелерін өтеу кестелеріне сәйкестігін, сондай-ақ субсидиялау шартына сәйкес қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттары бойынша сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін есептен шығаруға арналған қаражатты пайдалану туралы есепті (бірінші өтінімді берген кезде есеп ұсыну талап етілмейді) тексеруді жүзеге асырады және жұмыс органына субсидиялау үшін кезекті ақша траншын аудару туралы ұсыныс енгізеді.

37. Қаржы институты жұмыс органының субсидиялар сомаларын аударуы үшін арнайы жеке банктік шот ашады, ал мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда, қызмет көрсететін банкте арнайы шот ашады.

38. Жұмыс органы қарыз алушы мен қаржы институты қол қоятын міндеттемелерді қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру туралы шарт жасалған күннен бастап есептелетін субсидияларды қаржы институтына тиісті бюджеттік бағдарламада көзделген төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес алдыңғы тоқсанның соңғы айында арнайы банктік шотқа тоқсан сайын аванстық төлеммен аударуды жүзеге асырады. Бұл үшін жұмыс органы оператордың өтінімі негізінде 3 (үш) жұмыс күні ішінде тиісті төлем шоттарын қазынашылық органдарына жолдайды.

39. Қаржы институты арнайы банктік шотты және онда орналасқан ақшалай қаражатты осы Қағидаларда көзделмеген өзге мақсаттарға пайдалана алмайды.

40. Қаржы институты қарыз алушыдан пайыздық мөлшерлеменің субсидияланбайтын бөлігін алған кезде арнайы банктік шоттан қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шартқа өтеу кестесіне сәйкес пайыздық мөлшерлеменің субсидияланатын бөлігін есептен шығаруды жүзеге асырады.

41. Арнайы шотта пайдаланылмаған қаражат қалдығы пайда болған жағдайда:

1) қарыз алушыны бағдарламадан алып тастауға байланысты қаржы институты қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия шешімі қабылданғаннан кейін бір ай ішінде оларды төлемдер жасалған тиісті бюджетке қайтарады;

2) қолданыстағы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт талаптарының өзгеруіне байланысты қаржы институты тоқсан сайынғы есептілікті бергеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде оларды төлемдер жасалған тиісті бюджетке қайтаруды жүзеге асырады.

42. Қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша төлем күні келіп жеткен және қаржы институтының арнайы банктік шотында пайыздық мөлшерлеменің субсидияланатын бөлігін төлеу үшін қаражат болмаған жағдайда, қарыз алушы толық пайыздық мөлшерлемені өз қаражаты есебінен төлеуді жүзеге асырады. Пайыздық мөлшерлеменің субсидияланатын бөлігін жұмыс органы қаржы институтының арнайы банктік шотына қаражат аудару жолымен өтейді. Мұндай жағдайда қаржы институты қарыз алушыға бұрын төленген пайыздық мөлшерлеменің субсидияланатын бөлігін қарыз алушының есеп шотына пайыздық мөлшерлеменің субсидияланатын бөлігін аудару жолымен өтеуді жүргізеді.

43. Қаржы агентінің қатысуынсыз Қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік/кредиторлық міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялау үшін қаражат ұсыну жұмыс органы, оператор және қаржы институттары арасындағы үшжақты шарт (бұдан әрі – қаржы агентінің қатысуынсыз субсидиялау шарты) бойынша жүзеге асырылады.

44. Егер қаржы институты қолданыстағы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттың талаптарын (пайыздық мөлшерлеме, сыйақыны төлеу мерзімі, негізгі борышты және/немесе сыйақыны төлеу бойынша кейінге шегеруді ұсыну) өзгерткен жағдайда, ол күнтізбелік 10 (он) күн ішінде операторға қаржыландыру шарттарын өзгерту жөнінде қабылданған шешімнің көшірмесін, негізгі борышты және сыйақыны өтеудің жаңартылған кестесін қамтитын құжаттар топтамасымен қоса өтінім жолдайды.

45. Оператор құжаттар топтамасын қабылдайды, негізгі борышты және сыйақыны өтеудің жаңартылған кестесін есептеу дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады және күнтізбелік 14 (он төрт) күннен кешіктірілмейтін мерзімде қорытынды жасайды және құжаттарды қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның кезекті отырысында қарау үшін жолдайды.

46. Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия теріс шешім қабылдаған жағдайда, қолданыстағы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт талаптары өзгеріссіз қалады.

Қарыз алушы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік шарт бойынша негізгі борышты ішінара мерзімінен бұрын өтеген жағдайда, қаржы институты есептелген сыйақы фактісі бойынша есептелген субсидияларды есепке қосуды жүргізеді.

Комиссия оң шешім қабылдаған жағдайда, жұмыс органы 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың [22-тармағының](#) талаптарын сақтай отырып, қаржы агентінің қатысуынсыз субсидиялау шартына тиісті өзгерістер енгізеді.

47. Қаржы агентінің қатысуынсыз субсидиялау шарты қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия шешімінің негізінде жасалады және қаржы институтына қаражат аударудың тәртібі мен талаптарын, қарыз алушының пайыздық мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының есептен шығаруы процесін оператордың мониторингтеуі шарттарын, тараптардың жауапкершілігін көздейді.

48. Қаржы агентінің қатысуынсыз субсидиялау шартына қол қою тәртібі:

1) қарыз алушы және қаржы институты қол қойған міндеттемелерді қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру туралы шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде оператор мен қаржы институты арасында;

2) жұмыс органымен – оператордан қаржы агентінің қатысуынсыз субсидиялау шартын алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде.

### **3-параграф. Қаржы агентінің қатысуымен субсидия төлеу тәртібі**

49. Қаржы агенті субсидия алу үшін операторға:

1) әрбір қаржы институты бойынша қорландыру қаражатының аударылғанын растайтын құжаттар қоса ұсынылған өтінімді;

2) қаржы институттарының қорландыру қаражатын пайдалануы жөніндегі есепті;

3) қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттарының қаржы институттары растаған көшірмелерін жолдайды.

50. Қарыз алушылардың қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау үшін қаражатты ұсыну осы Қағидаларға [4-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша жасалатын қаржы агентінің қатысуымен қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау үшжақты шарты (бұдан әрі – қаржы агентін субсидиялау шарты) бойынша жүзеге асырылады.

51. Қаржы институты ұсынған өтінім бойынша шешім қабылдау үшін оператор осы Қағидалардың [26-32-тармақтарында](#) көрсетілген мерзімдерге сәйкес және тәртіппен жұмыс жүргізеді.

52. Қаржы агенті қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасынан үзінді көшірме алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаржы институттарымен қаржы агентінің қорландыру қаражатын аудару және оларды қайтару тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ қаржылық сауықтыру мониторингінің талаптарын, тараптардың жауапкершілігін көздейтін қарыз туралы негіздемелік келісім/нысаналы жедел банктік салым шартын жасайды.

53. Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім сомасының қаржы институттарында орналастырылған қорландыру қаражаттарына сәйкестігін, сондай-ақ қаржы агентінің субсидиялау шартына сәйкес қорландыру қаражатын пайдалану туралы есепті тексеруді жүзеге асырады және жұмыс органына субсидиялау үшін кезекті ақша траншын аудару туралы ұсыныс енгізеді.

54. Қаржы институттарына жасалған негіздемелік келісімдер шеңберінде қарыздарды ұсыну транштарды ұсыну жолымен жүзеге асырылады.

Әрбір қаржы институты үшін қорландыру қаражатының көлемі қаржы агентінің ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес дербес айқындалады.

55. Қаржы институттары қорландыру қаражатын қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық және лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру мақсатында пайдаланады.

56. Қаржы институты қолданыстағы қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарттың талаптарын өзгертуді жоспарлаған жағдайда (негізгі борыштың барлық сомасын немесе оның бір бөлігін төлеу бойынша мерзімді ұзарту), ол 5 (бес) жұмыс күні ішінде бұл туралы қаржы агентіне жазбаша хабарлайды.

Қаржы агенті хабарлама алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржы институтына негізгі борышты немесе оның бір бөлігін өтеу кестесін өзгертуге келісім беру немесе келісім бермеу туралы хат жолдайды.

Қаржы институты қаржы агенті хатының негізінде келесі іс-шаралардың бірін өткізеді:

1) қаржы агенті негізгі борыштың барлық сомасын немесе оның бір бөлігін өтеу кестесін өзгертуге келісім берген жағдайда операторға қаржыландырудың талаптарын өзгерту жөнінде қабылданған шешімнің көшірмесін, негізгі борышты өтеудің жаңартылған кестесін және қаржы агентінің хатын қамтитын құжаттар топтамасымен хат жолдайды;

2) қаржы агенті негізгі борышты немесе оның бір бөлігін өтеу кестесін өзгертуге келісім бермеген жағдайда қарыз алушыға қорландыру қаражатын қатыстырмай қаржылық сауықтыру шараларын әрі қарай қолдану мүмкіндігін қарастыру туралы құжаттар топтамасымен қоса операторға хат жолдайды.

57. Оператор осы Қағидалардың 56-тармағында көрсетілген құжаттарды қабылдайды, негізгі борышты өтеудің жаңартылған кестесін есептеу дұрыстығын тексеруді жүзеге асырады және 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қорытынды жасайды және құжаттарды қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның кезекті отырысына қарау үшін жолдайды.

Қаржы агентінің келісім беру туралы хаты болған және комиссия оң шешім қабылдаған жағдайда, жұмыс органы 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың [22-тармағының](#) талаптарын сақтай отырып, қаржы агентін субсидиялау шартына тиісті өзгерістер енгізеді.

Қаржы агентінің келісім беру туралы хаты болмаған және комиссия оң шешім қабылдамаған жағдайда, жұмыс органы 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаржы агентін субсидиялау шартын бұзады және осы Қағидалардың [13](#) және [22-тармақтарының](#) талаптарын сақтай отырып, қаржы агентінің қатысуынсыз субсидиялау шартын жасасады.

58. Қаржы институты субсидиялау шартына қол қойылғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде қаржы агентіне қорландыру қаражатын қайтарады.

Пайдаланылмаған қаражат қалдығын қаржы агенті осы Қағидалардың 41-тармағына сәйкес қайтарады.

59. Қаржы агентінің субсидиялау шарты қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия шешімінің негізінде жасалады және қаржы институтына қаражат аударудың тәртібі мен шарттарын, қарыз алушының пайыздық мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін қаржы институтының есептен шығару процесіне оператордың мониторинг жүргізу шарттарын, тараптардың жауапкершілігін және өзге де шарттарды көздейді.

60. Қаржы агентін субсидиялау шартына қол қою тәртібі:

1) қарыз алушы және қаржы институты қол қойған міндеттемелерді қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру туралы шарт жасалған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күніне дейінгі мерзімде оператор мен қаржы институты арасында;

2) жұмыс органымен – оператордан субсидиялау шартын алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде.

61. Жұмыс органы субсидияны қаржы агентіне қаржы институтына қорландыру қаражаты ұсынылған күннен бастап есептелетін аванстық төлеммен тоқсан сайын, алдыңғы тоқсанның соңғы айында жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес тиісті бюджеттік бағдарламада көзделген төлемдер бойынша аударуды жүзеге асырады.

62. Қаржы институттары қарызды берген күннен бастап 45 (қырық бес) жұмыс күні ішінде ұсынылған қорландыру қаражаты есебінен қарыз алушылардың кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелерін қайта құрылымдауды/қайта қаржыландыруды жүргізбеген жағдайда, аталған қаражат жоғарыда көрсетілген мерзім аяқталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаржы агентіне қайтарылуы тиіс.

### **5-тарау. Субсидиялауды тоқтату тәртібі**

63. Қарыз алушы негізгі борыштың жоспарлы төлемін және/немесе сыйақының субсидияланбайтын бөлігін өтеу бойынша міндеттемелерін қатарынан 3 ай бойы орындамаған жағдайда, қаржы институты/қаржы агенті аталған факті анықталған сәттен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде бұл туралы операторды жазбаша хабардар етеді.

64. Оператор қаржы институты/қаржы агенті ұсынған ақпараттың негізінде қарыз алушының кредиттік/кредиторлық/лизингтік міндеттемелері бойынша пайыздық мөлшерлемелерді субсидиялауды тоқтату туралы мәселені қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның кезекті отырысының қарауына шығарады.

65. Оператор қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімнің себептерін көрсете отырып, осы Қағидалардың 14-тармағында көрсетілген талаптар негізінде қаржы институтын/қаржы агентін және қарыз алушыны хатпен хабардар етеді.

### **6-тарау. Қаржылық сауықтырудың есептілігі және мониторингі**

66. Қаржы институты тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 15-іне дейін және жылдың аяғында 10 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат) операторға есептілік ұсынады.

67. Оператор қаржы институтынан осы Қағидаларға [5-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есепті алғаннан кейін оған сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігінің төленген қаражатының осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі тұрғысынан талдау жасайды және тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін және жылдың аяғында 10 желтоқсанға дейін (1 желтоқсандағы жағдай бойынша ақпарат) оны жұмыс органына жолдайды.

68. Оператор тоқсан сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 30-ына дейін жұмыс органына қарыз алушыларды қаржылық сауықтыру бойынша орындалған жұмыс туралы есепті ұсынады.

69. Қаржылық сауықтыруды іске асыру мониторингін оператор жүзеге асырады, оның функцияларына:

1) қаржы институты ұсынған құжаттар негізінде қарыз алушының кредитті мақсатты пайдалануының мониторингі;

2) қаржы институты ұсынатын құжаттар негізінде қарыз алушының негізгі борыштың бір бөлігін және ол бойынша пайыздарды уақтылы өтеуінің тоқсан сайынғы мониторингі;

3) қаржы институты ұсынатын құжаттар негізінде қарыз алушының субсидияланатын кредитті/лизингті мерзімінен бұрын өтеуінің тоқсан сайынғы мониторингі;

4) қаржы агенті ұсынатын мәліметтер негізінде қарыз алушының қайта құрылымдалған/қайта қаржыландырылған кредиттік/лизингтік шарт бойынша қаржы институтының алдындағы міндеттемелерін толық мерзімінен бұрын өтеуінің тоқсан сайынғы мониторингі;

5) қаржылық сауықтыру жоспарларын орындаудың жыл сайынғы мониторингі;

6) субсидияланған кредиттік және лизингтік шарттардың жыл сайынғы мониторингі;

7) бұрын жасалған субсидиялау шарттарын ескере отырып, тиісті қаржы жылына арналған субсидияларды бөлудің жыл сайынғы мониторингі жатады.

70. Жұмыс органы тоқсан сайын, оператордан төлемдер мониторингін алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне осы Қағидаларға [6-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала, және астана әкімінің орынбасары келіскен қарыз алушыларды қаржылық сауықтыру бағдарламасын іске асыру туралы мәліметтерді ұсынады.

71. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Бюджеттік кодексі 112-бабының [4-тармағына](#) сәйкес бюджеттік бағдарламаның іске асырылуын мониторингтеу нәтижелері туралы есептерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне ұсынады.

**Агроөнеркәсіптік кешен  
субъектілерін қаржылық  
сауықтыру жөніндегі бағыт  
шеңберінде кредиттік және  
лизингтік міндеттемелер  
бойынша пайыздық  
мөлшерлемені  
субсидиялау қағидаларына  
1-қосымша**

Нысан

**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру кезінде пайыздық  
мөлшерлемені субсидиялауға арналған өтінім**

20 \_\_\_ ЖЫЛҒЫ « \_\_\_ » \_\_\_\_\_

Кімге:

\_\_\_\_\_

(оператордың атауы)

Кімнен: \_\_\_\_\_

(қаржы институтының атауы, почталық заңды мекенжайы, байланыс

телефондары, БСН, банктік деректемелері)

№	Қарыз алушы туралы мәліметтер
1.	Атауы
2.	Толық почталық (заңды) мекенжайы
3.	Байланыс телефондары
4.	БСН/ЖСН

5.	Банктік деректемелері	
6.	Қарыз алушының өтінімі түскен күн	
7.	Субсидиялау сомасы	
8.	Өтеу кестесінің(-лерінің) көшірмесі	
9.	Қаржы институты мен қарыз алушы тарапынан ұсынылатын іс-шаралар мен заттай және қаржылай мәндегі қаржылық сауықтырудан күтілетін әсер көрсетілген қаржылық сауықтыру жоспары	

Осымен:

1) қарыз алушының кредиттік және лизингтік шарттары бойынша басқа мемлекеттік және/немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау түрінде қолдау, сондай-ақ республикалық бюджеттің және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қаражаты есебінен мемлекеттік қолдау көрсетілмейтіні;

2) қарыз алушылардың қаржылық берешегін қайта құрылымдау жағдайларын, сондай-ақ жеделдетілген оңалту рәсіміндегі немесе оңалту рәсіміндегі қарыз алушыларды қоспағанда, қарыз алушының қызметі ұйымдық-құқықтық нысанын өзгерту, тарату, оңалту немесе банкротқа ұшырау сатысында тұрмағаны, сондай-ақ оның қызметі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес уақытша тоқтатылмағаны расталады.

Қаржы институтының бірінші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және қолы \_\_\_\_\_

Мөр орны (бар болса)

Өтінім беру күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Өтінімді қабылдау күні 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

Өтінімді қабылдаған адамның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) және телефон нөмірі \_\_\_\_\_

-----Кесу сызығы-----

Талон

№ \_\_\_\_\_ Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру кезінде пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға арналған өтінім 20\_\_ жылы «\_\_» \_\_\_\_\_ сағат \_\_\_\_ минутта қарауға қабылданды.

(қолы) (өтінімді қабылдаған жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты

(бар болған жағдайда))

**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларына 2-қосымша**

**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жоспары**

« \_\_\_\_\_ »

**(агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің атауы)**

1. Қаржылық сауықтыру үшін міндеттеме(лер) бойынша жоспарланатын талаптар:

1	Қаржылық сауықтыру бағдарламасына қатысу, оның ішінде қаржы институттары айқындайтын кредиттік және лизингтік міндеттемелердің проблемалылық белгілері бойынша негіздеме	
2	Қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын шарттың (тардың) атауы, нөмірі, күні (кестесі бойынша Қарыз алушы өтеуді жүргізетін қолданыстағы шартты көрсету)	(қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын шарттың (тардың) атауы – Банктік қарыз шарты/Қарыз шарты/Кредиттік шарт/Қаржылық лизинг шарты/өзгесі; осы шарт (тар) бойынша берілген соманы көрсете отырып, шарттың (тардың) нөмірі, күні;
3	Шартқа (тарға) сәйкес міндеттеменің нысаналы мақсаты	(берілген қаражаттың нысаналы мақсатын толық сипаттау)
4	Қаржылық сауықтыру тәсілі (қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру)	Міндеттемені қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру; (қажетін қалдыру)
5	Қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын шарт (тар) бойынша берешек қалдығы	(қаржылық сауықтыруға берілетін Негізгі қарыз қалдығының сомасын көрсету);
6	Қолданыстағы сыйақы мөлшерлемесі	жылдық ____%, (қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын шарт бойынша қолданыстағы пайыздық мөлшерлемені көрсету)



7	Міндеттемелерді өтеудің қолданыстағы күні	(қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын шарт бойынша өтеудің қолданыстағы күнін көрсету)
8	Мерзімі өтіп кеткен есептелген сыйақының бар-жоғы	Бар/Жоқ (қажетін қалдыру) «Бар» болған жағдайда: «Қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын кредит (тер) бойынша _____ теңге сомасындағы есептелген мерзімі өтіп кеткен сыйақы жеке кредитке бөлінетін болады/жылдық 0,1 %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен және төлемін бөліп төлеумен өтеу кестесінде жеке бағанмен белгіленетін болады» деп жазу керек
9	*Қарыз алушылардың өз міндеттемелерін Қаржы институттарының алдында орындамау себептері (осы тармақ Қарыз алушының мерзімі өтіп кеткен берешегі болған кезде көрсетіледі)	(Қарыз алушының өз міндеттемелерін Қаржы институтының алдында орындамау себептерін көрсету)
10	Айыппұлдар мен өсімпұлдардың бар-жоғы, сома, теңге	Бар/Жоқ (қажетін қалдыру) «Бар» болған жағдайда: «қайта құрылымдалатын/қайта қаржыландырылатын кредит (тер) бойынша айыппұлдар/өсімпұлдар _____ теңге сомасында (қажетін қалдыру) есептен шығарылатын болады» деп жазу керек.
11	Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың басым бағыты	Сәйкес/Сәйкес емес (қажетін қалдыру) Басымдық - бірінші/екінші: - _____ (Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларына 3-қосымшада көрсетілген басымдықтарға сәйкес қызмет түрінің басымдығын және атауын көрсету)
12	Заңды күшіне енген сот шешімі бойынша қарыз алушының банктік шоттарын қамаққа алудың бар-жоғы не қарыз алушының шоттарында өзге де уақытша тоқтатудың/шектеулердің бар-жоғы	Бар/Жоқ (қажетін қалдыру) «Бар» болған жағдайда: (қамақ/уақытша тоқтату/өзге де шектеулер сомаларын; осы шектеуді кім салғанын; шектеу салынған күнді; агроөнеркәсіптік кешені субъектісі осы шектеулерді «алып тастау» үшін не істеуді жоспарлап жатқанын/не істеп жатқанын

		көрсету қажет)
13	Шарт бойынша кепілмен қамтамасыз ету (шарттың (тардың) атауы, нөмірі, күні)	(нарықтық және кепіл құнын; соңғы тәуелсіз бағалау күнін көрсете отырып, қаржылық сауықтыруға берілетін шарт (тар) бойынша кепілмен қамтамасыз етуді көрсету)
14	Қарыз алушының қаржы институтына қаржылық сауықтыруға өтінім берген күні	(Қаржы институтының Қарыз алушыдан қаржылық сауықтыруға өтінімді қабылдаған күнін көрсету)
15	Жаңа сыйақы мөлшерлемесі (%)	(өтеудің жоспарланған кестесіне сәйкес жаңа сыйақы мөлшерлемесін көрсету)
16	Міндеттемені қайтару мерзімін ұзарту	(міндеттемені өтеудің жоспарланған күнін көрсету; қарыздың айларға бөлінген жаңа мерзімі)
17	Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия мақұлдаған жағдайда есептен шығарылатын айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасы, теңге	(Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия мақұлдаған жағдайда Қаржы институты есептен шығаратын айыппұлдар мен өсімпұлдар сомасын теңгемен көрсету)
18	Өтеудің жоспарланған кестесі	___ қосымшаны қарау; (өтеудің жоспарланған кестесі көрсетілген қосымшаның нөмірін көрсету)
19	Өтеудің жоспарланған әдісі	Негізгі борыш - _____, (мысалы, тоқсан сайын) сыйақы - _____ (мысалы, ай сайын); (негізгі борыш пен сыйақыны өтеу әдісін жазу)
20	Сыйақы сомасы (теңге): жалпы қарыз алушы төлейтін субсидияланатын	(бөлуге сәйкес сыйақы сомасын теңгемен көрсету: жалпы, қарыз алушы төлейтін, субсидияланатын)
21	«ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы ұсынатын қорландыру	Қажет етіледі/Қажет етілмейді (қажетін қалдыру) «Қажет етіледі» болған жағдайда: «Қарыз алушының берешегін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру (қажетін қалдыру) үшін Банк _____ теңге сомасында «ҚазАгро» ұлттық басқарушы холдингі» акционерлік қоғамы ұсынатын Қорландыруды пайдалануды көздейді» деп жазу керек. «Қажет етілмейді» болған жағдайда: «Қарыз алушының берешегін қайта құрылымдау/қайта қаржыландыру (қажетін қалдыру) үшін Банк өз қаражатын пайдаланатын болады» деп жазу керек.
22	Қосымша шарттар	Қарыз алушылардың меншік иелері кредиторлар алдында міндеттемелер толық өтелгенге дейін қатысушылар арасында пайда

		бөлігін бөліп бермеу, қосымша капиталдандыру, инвесторлар тарту, қаржылық сауықтыру шарттарын орындау мен басқа да шаралар бойынша қаржы институттарына толық жәрдемдесу жолымен қолдау көрсетеді – (Қағидалардың осы тармағы қалай орындалатынын айқындау қажет – мысалы, кепілдік міндеттемеге қол қою жолымен не Қарыз алушы мен Қаржы институты арасында қол қойылатын шартқа осы тармақты қосу жолымен не басқа да тәсілдермен)
23	-----//----- (Қаржы институтының ішкі саясатында/қағидаларында көзделген өзге де талаптар)	-----//-----

2. Қарыз алушы жөніндегі ақпарат:

Толық атауы	
Негізгі қызмет түрі	
Облыс	
Заңды (почталық) мекенжайы	
Нақты мекенжайы	
Мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің немесе анықтаманың күні мен нөмірі	
Қайта тіркеу күні	
БСН, ЖСН	
Акционерлер, құрылтайшылар, иелік үлесі, %	
Менеджмент, білімі, жұмыс тәжірибесі	
Үлестес заңды тұлғалар, құрылтайшылар, иелік үлесі	
Жұмыскерлер саны	
-----//-----	

3. Бизнестің тарихы:

(кәсіпорын тарихын толық сипаттау)

4. Қызметінің сипаттамасы:

(кәсіпорын қызметін, өндіретін азық-түлік тауарларын, өндіріс әдістерін, бәсекелестерін, өнім берушілерін (қызмет көрсетушілерін), өткізу нарықтарын (сатып алушыларын) және т. б. толық сипаттау)

5. Түсім бойынша мәліметтер:

(әрбір дақыл бойынша бөлінген және әр жыл бөлінісіндегі жиналған түсім бойынша мәліметтер)

Жылдары/дақылдың атауы	(Бидай), центнер/гектар	_____, центнер/гектар	_____ центнер/гектар
2008			
2009			
2010			
2011			
2012			
2013			

1. Жерлердің құрылымы:

	Атауы	20__ жыл, гектар	20__ жыл, гектар	Пікірлер /Орналасқан жері
1	Егістік			
2	Жайылым			
3	Ауыл шаруашылығы алқаптарының жиыны			
4	Егістік			
5	Жайылым			
6	Ауыл шаруашылығы алқаптарының жиыны			
7	Егістік			
8	Жайылым			
9	Ауыл шаруашылығы алқаптарының барлығы			

2. Материалды қ-техникалық базасы:

№	Атауы	Орналасқан жері	Алаңы, шаршы метр	Пікірлер (кәсіпорын қызметінде пайдалану)
1				

3. Кәсіпорынның техникалық паркі:

№	Атауы	Шыққан жылы	Саны

4. Ағымдағы қаржылық жай-күйі:

(агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ағымдағы күнге және соңғы есеп беру кезеңіне қаржылық есептілігі (бухгалтерлік теңгерім, пайда және шығындар туралы есеп, қаражат қозғалысы туралы есеп))

5. Қаржылық есептіліктің болжамдық көрсеткіштері:

(субсидиялауды есепке алғанда және алмағанда қаржылық есептер болжамы (болжамдық бухгалтерлік теңгерім, пайда мен шығындар туралы есеп, ақша ағымының болжамы))

6. Қаржы институтының қорытындысы:

(Қаржы институты дайындаған осы қорытындыда заттай және қаржылық мәнде қаржылық сауықтырудан күтілетін әсердің сипаттамасы қамтылуы керек)

\_\_\_\_\_ қосымша

(қосымшалардың бірінде Қарыз алушының өтеудің жоспарланған кестесінен басқа, төменде келтірілген нысан бойынша әр жылдың әр тоқсаны бөлінісінде сыйақыны, субсидияларды және негізгі борышты бөлуді көрсету қажет)

20__ жыл	Қарыз алушы төлейтін сыйақы сомасы (субсидияланбайтын), теңге	1-тоқсан	
		2-тоқсан	
		3-тоқсан	
		4-тоқсан	
		Барлығы	
	Мемлекет төлейтін сыйақы сомасы (субсидияланатын), теңге	1-тоқсан	
		2-тоқсан	
		3-тоқсан	
		4-тоқсан	

	Кесте бойынша төленетін негізгі борыш сомасы, теңге	Барлығы	
		1-тоқсан	
		2-тоқсан	
		3-тоқсан	
		4-тоқсан	
		Барлығы	

Қаржы институтының басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Мөр орны

Қарыз алушы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), қолы)

Мөр орны (бар болса)

**Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларына 3-қосымша**

**Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың басым бағыттары**

Атауы	Қызмет түрі
Бірінші басымдық	Күріш өсіру
	Көкөніс пен бақша дақылдарын, тамыржемістілер мен түйнекжемістілерді өсіру
	Малдың сүтті тұқымдарын өсіру
	Малдың басқа тұқымдары мен буйволдарды өсіру
	Жылқы және басқа да тұяқты тұқымдарды өсіру
	Түйе мен түйе тұқымдастарды өсіру
	Қой мен ешкі өсіру
	Шошқа мен торай өсіру
	Балық өсіру
	Құс өсіру
	Жануарлардың басқа да түрлерін өсіру

	Тұщы су балықтарын өсіру
	Ет өңдеу және консервілеу
	Үй құсы етін өңдеу және консервілеу
	Еттен және үй құсы етінен дайындалатын өнімдерді өндіру
	Балық, шаян тәрізділерді және ұлуларды өңдеу және консервілеу
	Картопты өңдеу және консервілеу
	Шитті мақтаны талшыққа өңдеу (бастапқы өңдеу)
	Өнеркәсіптік негізде ет өндіру
	Жұмыртқа және жұмыртқа ұнтағын өндіру
	Жеміс және көкөніс шырындарын өндіру
	Жеміс пен көкөністі өңдеу мен сақтаудың басқа да түрлері
	Май мен тоң май өндіру
	Маргарин мен жануарлардан алынатын тоң майларды өндіру
	Сүтті өндіру және өңдеу және ірімшік өндіру
	Ұн-жарма өнеркәсібі өнімдерін өндіру
	Нан өндіру; ұннан дайындалған балғын кондитерлік өнімдерді, торттар мен тәтті тоқаштарды өндіру
	Макарон өнімдерін өндіру
	Қант өндіру
	Балалар тамағын және диеталық тамақ өнімдерін өндіру
	Дәнді дақылдарды (күріштен басқа), бұршақ тұқымдас дақылдарды және майлы тұқымдарды өндіру
	Дәнді және майлы дақылдарды қоймаға салу және сақтау
Екінші басымдық	Басқа да маусымдық дақылдарды өсіру
	Жүзім өсіру
	Дәнекті және сүйекті жемістерді өсіру
	Жемісті ағаштардың басқа да түрлерін, бұта мен жаңғақ өсіру
	Сусындар өндіруге арналған дақылдарды өсіру
	Балмұздақ өндіру
	Кептірілген нан мен печенье өндіру; ұзақ уақыт сақтауға арналған ұннан дайындалған кондитерлік өнімдерді, торттарды, тәтті тоқаштарды, пирог пен бисквиттерді өндіру
	Дайындалған тамақ өнімдері мен жартылай фабрикаттарды өндіру
	Фермаларда күтіп-бағылатын жануарларға арналған дайын жемшөп өндіру
	Үй жануарларына арналған дайын жемшөп өндіру
	Жүн өңдеу (бастапқы өңдеу)
	Былғары шикізатын өңдеу

**Агроөнеркәсіптік кешен  
субъектілерін қаржылық**

**сауықтыру жөніндегі бағыт  
шеңберінде кредиттік және  
лизингтік міндеттемелер  
бойынша пайыздық  
мөлшерлемені  
субсидиялау қағидаларына  
4-қосымша**

Нысан

**Қаржы агентінің қатысуымен қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен  
субъектілерінің кредиттік және лизингтік  
міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың № \_\_\_\_\_ шарты**

\_\_\_\_\_ 20\_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

(шарт жасасу орны)

Бұдан әрі «Жұмыс органы» деп аталатын \_\_\_\_\_ облысының Ауыл шаруашылығы басқармасы атынан 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ сенімхат негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасары \_\_\_\_\_ бір тараптан, бұдан әрі «Оператор» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан 20\_\_ жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ екінші тараптан, бұдан әрі «Қаржы агенті» деп аталатын \_\_\_\_\_ атынан \_\_\_\_\_ негізінде әрекет ететін \_\_\_\_\_ үшінші тараптан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар», ал жекелей «Тарап» не жоғарыда көрсетілгендей аталатындар, төмендегілер туралы осы Қаржы агентінің қатысуымен қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялау шартын (бұдан әрі – Шарт) жасасты.

1. Осы Шартта Агро өнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 2-тармағында көрсетілген ұғымдар пайдаланылады.

### **1. Шарт нысанасы**

2. Осы Шарт субсидияларды Қаржы агентіне аудару тәртібі мен талаптарын, Оператордың субсидиялау процесіне мониторинг жүргізуі, Қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесінің бір бөлігін сауықтыру талаптарын, Тараптардың жауапкершіліктерін және өзге де талаптарды көздейді.

### **2. Шарт талаптары**

3. Осы Шарт бойынша Жұмыс органы Шартта айқындалатын талаптарда осы Шартқа 1-қосымшаға сәйкес тиісті бюджеттік бағдарлама бойынша бөлінген ақша сомасы шегінде субсидиялауды жүзеге асыруға міндеттенеді.

4. Осы Шарт бойынша сома Қарыз алушы осы Шартқа 1-қосымшада Субсидиялауға жататын қаржы институттарының міндеттемелерді өтеу кестесінде көрсетілген міндеттемелерін



ішінара немесе толығымен мерзімінен бұрын өтеген жағдайда немесе Қағидаларда көзделген өзге жағдайларда түзетілуі мүмкін.

5. Қаржы агенті сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін алу үшін Операторға осы Шартқа [2-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауға қаражат аударуға арналған өтінімді осы Шартқа Қорландыру қаражатын аудару есебін [3-қосымшаға](#) сәйкес және Субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есепті [4-қосымшаға](#) сәйкес нысандар бойынша қоса бере отырып, өтінім жолдайды.

6. Оператор 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім сомасының осы Шартқа Субсидиялауға жататын қаржы институттарының міндеттемелерді өтеу кестесі 1-қосымшаға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады және Жұмыс органына субсидиялауға арналған қаражаттың кезекті траншын аудару туралы ұсыныс енгізеді.

7. Субсидиялар сомасы жыл сайын Қаржы агентіне қаржы институттарында орналастырылған қорландыру қаражатының жалпы сомасының теңгемен 7 (жеті) %-ы мөлшерінде беріледі. Бұл ретте субсидия мөлшерін қаржы институттарының жыл сайын қорландыру қаражатын қайтаруын есепке ала отырып, айқындалады.

8. Жасалған субсидиялау шартына сәйкес Жұмыс органы Қаржы агентінің арнайы шотына жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес тиісті бюджеттік бағдарламада көзделген төлемдер бойынша тоқсан сайын, алдыңғы тоқсанның соңғы айында аванстық төлемдермен субсидиялар сомасын аударады.

9. Қорландыру қаражатын орналастыру бойынша сыйақы мөлшерлемесі қорландыру қаражатын Қаржы агентінің кейіннен қаржы институттарында орналастыру үшін қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның шешімі негізінде теңгемен 7 (жеті) %-ын мемлекет субсидиялайтын жылдық 10 (он) %-дан аспайтын шетелдік валютада 5 (бес) %-ын мемлекет субсидиялайтын жылдық 6 (алты) %-дан аспайтын мөлшерде белгіленеді.

10. Қорландыру қаражатын Қаржы агенті теңгемен жылдық 3 (үш) %-дан және шетелдік валютада жылдық 1 (бір) %-дан аспайтын сыйақы мөлшерлемесімен қаржы институттарында орналастырады.

11. Қаржы агенті қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия отырысының хаттамасынан үзінді-көшірме алғаннан кейін 10 (он) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қаржы институттарымен қорландыру қаражатын аударудың және оларды қайтарудың тәртібі мен талаптарын, сондай-ақ қаржылық сауықтыру мониторингі талаптарын, Тараптардың жауапкершілігін және өзге де талаптарды көздейтін қарыз туралы негіздемелік келісім жасасады.

### **3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері**

#### **12. Жұмыс органы:**

1) осы Шартта белгіленген, Тараптар үшін көзделген міндеттемелерді орындау мерзімдерінің сақталуын бақылауды жүзеге асыруға және олардың уақтылы орындалуын талап етуге;

2) Қаржы агентінен қаржы институттарында қорландыру қаражаттарын орналастыру жөніндегі құжаттар мен ақпаратты сұратуға құқылы;

3) Қағидаларға сәйкес өзге де құқықтар.

#### **13. Жұмыс органы:**

1) Шартта көзделген мерзімдерде Қаржы агентінің арнайы шотына субсидиялар сомасын аударуға;

2) республикалық бюджетте қаражат болмаған жағдайда, Қаржы агентін субсидия аударудың мүмкін еместігі туралы хабардар етуге міндеттенеді.

#### 14. Оператор:

1) өзінің құқықтарын және өзіне жүктелген міндеттерді іске асыру үшін Қаржы агентінен қажетті ақпаратты, оның ішінде коммерциялық және банк құпиясы қамтылған мәліметтерді, субсидиялау рәсіміне қатысатын Қарыз алушы туралы құжаттар мен ақпаратты сұратуға және оларды алуға құқылы;

2) Қағидаларға сәйкес өзге де құқықтар.

#### 15. Оператор:

1) 3 (үш) жұмыс күні ішінде өтінім сомасының және осы Шартқа Субсидиялауға жататын қаржы институттарының міндеттемелерді өтеу кестесі 1-қосымшасына сәйкестігін тексеруді жүзеге асыруға міндетті. Өтінім деректері сәйкес келмеген жағдайда осы факті туралы Қаржы агентін хабардар етуге;

2) есептерді сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін есептен шығару үшін қаражаттың нақты пайдаланылу тұрғысынан тексеруді жүзеге асыруға;

3) Шартта белгіленген мерзімдерде өтінім сомасының және осы Шартқа 1-қосымшаның сәйкестігін тексеру негізінде сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау үшін ақша қаражаттарының кезекті траншын аудару туралы Жұмыс органына тиісті ұсыныстар енгізуге;

4) тоқсан сайын есепті айдан кейінгі айдың 30 (отызыншы) күніне дейін Жұмыс органына осы Шартқа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша субсидияның нақты пайдаланылуы туралы есепті жолдауға;

5) қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссия субсидиялауды тоқтату туралы шешім қабылдаған сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қабылданған шешімнің себебін көрсете отырып, Қаржы агентін хатпен хабардар етуге;

6) осы Шарт талаптарын өзгерту, Қарыз алушының сыйақы мөлшерлемесін субсидиялауды тоқтату туралы мәселені Қаржылық сауықтыру жөніндегі комиссияның қарауына енгізуге;

7) Қарыз алушының кредитті мақсатты пайдалануына, Қарыз алушының негізгі борыш бөлігі мен сыйақыны уақтылы өтеуіне, Қаржы институты ұсынған құжаттардың негізінде субсидияланатын кредит шартын Қарыз алушының мерзімінен бұрын өтеуіне мониторингті жүзеге асыруға міндетті.

#### 16. Қаржы агенті:

1) Қарыз алушыны субсидиялауды тоқтату жағдайын қоспағанда, Жұмыс органынан осы Шарттың шеңберінде көзделген сыйақы мөлшерлемесінің субсидияланатын бөлігін уақтылы аударуды талап етуге;

2) Жұмыс органын қаржы институттарын субсидиялауға арналған қаражаттың жеткіліксіздігі туралы хабардар етуге;

3) құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған не белгіленген нысандарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған немесе өтінімдер сомасы сәйкес келмеген жағдайда, құжаттарды алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осы Шарттың 6-тармағында көрсетілген құжаттарды Қаржы институтына пысықтауға қайтаруға құқылы;

4) Қағидаларға сәйкес өзге де құқықтар.

#### 17. Қаржы агенті:

1) есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-іне дейін Операторға осы Шартқа Субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есепті [4-қосымшаға](#) сәйкес нысан бойынша субсидияның нақты пайдаланылуы туралы есепті беруге;

2) Қаржы институты қолданыстағы кредиттік шарт талаптарына жоспарланатын өзгеріс туралы (негізгі қарыздың барлық сомасын немесе оның бір бөлігін төлеуді кейінге қалдыру) жүгінген жағдайда, Қаржы агенті өтініш келіп түскен күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Қаржы институтын қабылданған шешім туралы жазбаша түрде хабардар етеді.

3) Операторға осы Шартқа Қорландыру қаражатын аудару есебін [3-қосымшаға](#) сәйкес және Субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есепті [4-қосымшаға](#) сәйкес нысандар бойынша есептер қоса берілген өтінімді беруге міндетті.

#### 4. Тараптардың жауапкершілігі

18. Тараптар осы Шарт бойынша осы Шарттан туындайтын міндеттемелерді орындамаған және/немесе тиісінше орындамағаны үшін осы Шартқа және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты болады.

#### 5. Форс-мажорлық мән-жайлар

19. Егер орындаудың мүмкін болмауы форс-мажорлық мән-жайлардың салдары болып табылса, Тараптар осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны не тиісінше орындамағаны үшін жауапкершіліктен босатылады.

20. Форс-мажорлық мән-жайлар басталған кезде, осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау мүмкін болмаған Тарап олар туындаған сәттен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде осындай мән-жайлар туралы екінші Тарапты уақтылы хабардар етуі тиіс. Бұл ретте форс-мажорлық мән-жайлардың сипаты, әрекет ету кезеңі, басталу фактісі уәкілетті мемлекеттік органдардың тиісті құжаттарымен расталуға тиіс.

21. Уақтылы хабарланбаған кезде Тарап екінші Тарапқа хабарламаудан немесе уақтылы хабарламаудан келтірілген зиянды өтеуге міндетті.

22. Форс-мажорлық мән-жайлардың басталуы осы Шарттың орындалу мерзімін олардың әрекет ету кезеңіне ұзартуға әкеп соқтырады.

23. Егер мұндай мән-жайлар қатарынан үш айдан артық жалғасатын болса, онда Тараптардың кез келгені осы Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы.

#### 6. Қорытынды ережелер

24. Хат-хабар тиісті түрде ресімделген (хат-хабар бланкте ұсынылған немесе мөрмен бекітілген, басшы қол қойған және тіркеу нөмірі, күні болған кезде тиісті түрде ресімделген болып саналады), жеке өзіне тапсырылған, почта арқылы (хабарламасы бар тапсырыс хатпен) немесе қатысушы Тараптың мекенжайына курьерлік байланыспен жеткізілген кезде тиісті түрде берілген немесе жіберілген болып саналады.

25. Осы Шарт талаптарының, оның ішінде осы Шарттың әрекет ету мерзімінің кез келген өзгертілуі, тоқтатылуы, егер осы Шартта өзгеше көзделмесе, Тараптардың уәкілетті өкілдерінің қолдары қойылған Тараптардың қосымша келісімімен ресімделеді.

26. Осы Шарт бойынша туындайтын барлық наразылықтар Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Шартқа сәйкес қойылуға тиіс. Бұл ретте Тараптар дауларды, наразылықтарды міндетті түрде сотқа дейінгі тәртіппен шешу туралы уағдаласты. Қазақстан Республикасының заңнамасы барлық жағдайларда қолданылатын заңнама болып табылады.

27. Осы Шарт барлық Тараптардың уәкілетті өкілдері қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар барлық міндеттемелерді толық орындағанға дейін қолданыста болады.

28. Осы Шартта реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

29. Осы Шарт заңдық күші бірдей мемлекеттік және орыс тілдерінде 6 (алты) данада, Тараптардың әрқайсысы үшін мемлекеттік және орыс тілдерінде бір-бірден екі данада жасалды. Осы Шарттың мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндері арасында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар Шарттың орыс тіліндегі мәтінін басшылыққа алады.

Осы Шартқа [1](#), [2](#), [3](#) және [4-қосымшалар](#) оның ажырамас бөлігі болып табылады.

### 8. Тараптардың мекенжайлары, банктік деректемелері, қолтаңбалары

Жұмыс органы:	Қаржы агенті:	Оператор

**Қаржы агентінің қатысуымен  
қаржылық сауықтыру үшін  
агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің  
кредиттік және лизингтік міндеттемелері  
бойынша сыйақы мөлшерлемелерін  
субсидиялаудың шартына  
1-қосымша**

Нысан

### Субсидиялауға жататын қаржы институттарының міндеттемелерді өтеу кестесі

№	Қаржы институтының атауы	Қарыз алушының атауы	Акцессорлық шарттардың нөмірі, жасалған күні	Кредиттің/лизингтің нысаны мақсаты	Кредиттік шарттың сомасы, теңге	Кредиттік шарт бойынша негізгі борышты қайтар	Сыйақы мөлшерлемесі, %			Кредиттік шарттың барлық мерзіміне сыйақы сомасы, теңге			
							Жалпы	Субсидияланатын	Қаржы институты төлейтін	Жалпы	Субсидияланатын	Қаржы институты төлейтін	

						у мер зімі							
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14
							.....						
	Жиы ны												

кестенің жалғасы

20 ____ жыл														
Сыйақының жалпы сомасы, теңге					Мемлекет төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы (субсидияланатын), теңге					Қаржы институты төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы, теңге				
БАРЛ ЫҒЫ:	1- тоқ сан	2- тоқ сан	3- тоқ сан	4- тоқ сан	БАРЛ ЫҒЫ:	1- тоқ сан	2- тоқ сан	3- тоқ сан	4- тоқ сан	БАРЛ ЫҒЫ:	1- тоқ сан	2- тоқ сан	3- тоқ сан	4- тоқ сан
15	16	17	18	19	20	21	22	23	24	25	26	27	28	29

кестенің жалғасы

20 ____ жыл
-------------

Сыйақының жалпы сомасы, теңге					Мемлекет төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы (субсидияланатын), теңге					Қаржы институты төлейтін сыйақы мөлшерлемесі бөлігінің сомасы, теңге				
БАРЛЫҒЫ:	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	БАРЛЫҒЫ:	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан	БАРЛЫҒЫ:	1-тоқсан	2-тоқсан	3-тоқсан	4-тоқсан
30	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40	41	42	43	44

Жұмыс органы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты. (бар болған жағдайда) қолы)

Мөр орны (бар болса)

Қаржы агенті \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты. (бар болған жағдайда) қолы)

Мөр орны (бар болса)

Оператор \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты. (бар болған жағдайда) қолы)

Мөр орны (бар болса)

**Қаржы агентінің қатысуымен қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін**

**субсидиялаудың шартына  
2-қосымша**

Нысан

**Сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялауға қаражат аударуға арналған өтінім**

Күні: 20\_\_ жылғы « » \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ Қаржы агенті \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ бюджеттік бағдарламасы  
шеңберінде \_\_\_\_\_ облысының (республикалық  
маңызы бар қаланың, астананың) Ауыл шаруашылығы басқармасынан 20\_\_  
жылғы \_\_\_\_\_ № \_\_\_\_\_ субсидиялауға арналған шартына сәйкес  
республикалық бюджеттен Қаржы агентінің

№ \_\_\_\_\_ шотына

\_\_\_\_\_ кезеңі үшін \_\_\_\_\_ теңге

сомасында қаражат аударуды сұрайды.

Қаржы агентінің

басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы)

Мөр орны (бар болса)

**Қаржы агентінің қатысуымен  
қаржылық сауықтыру үшін  
агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің  
кредиттік және лизингтік міндеттемелері  
бойынша сыйақы мөлшерлемелерін  
субсидиялаудың шартына  
3-қосымша**

Нысан

**Қорландыру қаражатын аудару есебі**

№	Қаржы институты	Қарыз алушының атауы	Қаржы агенті мақұлдаған негізгі қарыз сомасының қалдығы,	Қаржы агентінің бергені, теңге	Субсидиялаудың барлық мерзіміне субсидия сомасы, теңге	Өткен кезеңдерге аударылған субсидиялар, теңге	Субсидия аударуға қалдық, теңге

			теңге				

Қаржы агенті \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы)

Мөр орны

**Қаржы агентінің қатысуымен  
қаржылық сауықтыру үшін  
агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің  
кредиттік және лизингтік міндеттемелері  
бойынша сыйақы мөлшерлемелерін  
субсидиялаудың шартына  
4-қосымша**

Нысан

**Субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп**

№	Қарыз алушының атауы	ЖСН/БСН	Кредит сомасы, теңге	Барлық көзделген субсидиялар (Комиссияның хаттамасы бойынша бекітілгені), теңге	Барлық аударылған субсидиялар, теңге				Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) жетіспеу, теңге		Субсидияны шегергенде Қаржы институты төлейтін сыйақы сомасы, теңге				Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) жетіспеу, теңге	
					Жұмыс органы Қаржы агентіне		Қаржы агентімен есепке алынған		Субсидиялау шарты бойынша		өтеу фактісі бойынша		Ба		он	
					Ба	он	Ба	он	Ба	он	Ба	он	Ба	он	Ба	он
					рл	ың	рл	ың	рл	ың	рл	ың	рл	ың	рл	ың
					ы	де	ы	де	ы	де	ы	де	ы	де	ы	де
					ы	ес	ы	ес	ы	ес	ы	ес	ы	ес	ы	ес
					ті	еп	ті	еп	ті	еп	ті	еп	ті	еп	ті	еп
					ке	ті	ке	ті	ке	ті	ке	ті	ке	ті	ке	ті
					зе	ке	зе	ке	зе	ке	зе	ке	зе	ке	зе	ке
						зе		зе		зе		зе		зе		зе



						нд е		нд е		нд е (7- б.- 9- б)		нд е		нд е		нд е (1 3- б.- 15 - б.)
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17
Қаржы институтының атауы																
	ЖИ ЫН Ы:															

Қаржы агентінің басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы)

Мөр орны (бар болса)

**Қаржы агентінің қатысуымен  
қаржылық сауықтыру үшін  
агрөонеркәсіптік кешен субъектілерінің  
кредиттік және лизингтік міндеттемелері  
бойынша сыйақы мөлшерлемелерін  
субсидиялаудың шартына  
5-қосымша**

Нысан

**20\_\_ жылғы \_\_\_\_ тоқсан үшін субсидиялардың нақты пайдаланылуы туралы есеп**

№	Қар ыз алу шы ның атау ы	Ж С Н/ Б С Н	Кред ит сома сы, те ңге	Барлы қ көздел ген субсид иялар (Коми ссиян ың	Барлық аударылған субсидиялар, теңге		Ауытқу (+, -) (+ артық төлем, (- ) жетіспе у, теңге	Субсидияны шегергенде Қарыз алушы төлейтін сыйақы сомасы, теңге		Ауытқу (+, -) (+ артық төлем, (- ) жетіспе у, теңге
					Жұмыс органы Қаржы агентін	Қаржы институ ты қарыз		Субсиди ялау шарты бойынш	өтеу фактісі бойынш а	

				хаттам асы бойынша бекітілгені), теңге	е		алушыға			а								
					Ба	он ың ішінде	Ба	он ың ішінде	Ба	он ың ішінде	Ба	он ың ішінде	Ба	он ың ішінде	Ба	он ың ішінде	Ба	он ың ішінде
1	2	3	4	5	рлығы	есептік кезінде	рлығы	есептік кезінде	рлығы (6-б.-8-б.)	есептік кезінде (7-б.-9-б.)	рлығы	есептік кезінде	рлығы	есептік кезінде	рлығы (12-б.-14-б.)	есептік кезінде	рлығы	есептік кезінде (13-б.-15-б.)
Қаржы институтының атауы																		
	ЖИ БН Ы:																	

Қаржы институтының басшысы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы)

Мөр орны (бар болса)

**Қаржы агентінің қатысуымен қаржылық сауықтыру үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің кредиттік және лизингтік міндеттемелері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін субсидиялаудың шартына б-қосымша**

Нысан

«Келісілген»

\_\_\_\_\_ облысы, республикалық маңызы бар қала,  
және астана әкімінің орынбасары,  
\_\_\_\_\_ (қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған  
жағдайда))

20 \_\_ жылғы «\_\_» \_\_\_\_\_

**20 \_\_ жылғы \_\_\_\_\_ тоқсан үшін қарыз алушыларды қаржылық сауықтыру бағдарламасын іске асыру туралы мәліметтер**

Мемлекеттік органның атауы

\_\_\_\_\_

Жоғары тұрған бюджеттен алынған қаражат сомасы

\_\_\_\_\_

Жергілікті бюджеттен қаражат

\_\_\_\_\_

(бюджеттік бағдарламаның атауы) бюджеттік бағдарламаның (кіші бағдарламаның) коды

№	Қарыз алушының атауы	ЖСН/БСН	Негізгі берешек сомасы, теңге	Барлық көзделген субсидиялар (Комиссияның хаттамасы бойынша бекітілгені), теңге	Барлық аударылған субсидиялар, теңге				Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) жетіспеу, теңге	
					Жұмыс орнаны Қаржы агентіне		Қаржы агентімен есепке алынған		Барлығы (6-б. – 8-б.)	оның ішінде есепті кезеңде (7-б. - 9-б.)
					Барлығы	оның ішінде есепті кезеңде	Барлығы	оның ішінде есепті кезеңде		
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

Барлық аударылған субсидиялар, теңге		Ауытқу (+, -) (+) артық төлем, (-) жетіспеу, теңге		Барлық аударылған субсидиялар, теңге
Жұмыс органы	Қаржы институтына	Қаржы институты	Қарыз алушыға	

Барлығы	оның ішінде есепті кезеңде	Барлығы	оның ішінде есепті кезеңде	Барлығы (12-б. – 14-б.)	оның ішінде есепті кезеңде (13-б. - 15-б.)	Барлығы (6-б.+12-б.)	оның ішінде есепті кезеңде (7-б.+13-б.)
12	13	14	15	16	17	18	19

Жұмыс органы \_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) қолы)

Мөр орны (бар болса)

**Қазақстан Республикасы**  
**Ауыл шаруашылығы министрінің**  
**2016 жылғы 5 мамырдағы**  
**№ 205 бұйрығына**  
**2-қосымша**

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің күші жойылған бұйрықтарының тізбесі**

1. «Агро өнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 9-1/320 [бұйрығы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10763 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 8 мамырда жарияланған).

2. «Агро өнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 9-1/320 [бұйрығына](#) өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 24 тамыздағы № 9-1/760 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12301 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 24 қарашада жарияланған).

3. «Агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қаржылық сауықтыру жөніндегі бағыт шеңберінде кредиттік және лизингтік міндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемені субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 9 сәуірдегі № 9-1/320 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 9-1/1099 [бұйрығы](#) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12451 болып тіркелген, «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 22 желтоқсанда жарияланған).